



№98 (9985)
12 желтоқсан
сейсенбі
2023 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары Қыс қаһары қатты

Жаңа апта аязды ауа райымен басталды. Мұндай ауа температурасы алдағы үш күнде Қазақстанның бірнеше облысында сақталады. Синоптіктердің мәліметінше, 12-13 желтоқсан күндері атмосферада фронтальды ауа массасы өтетіндіктен еліміздің шығысында, оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында қар жауады. Ал 12 желтоқсанда таулы аймақтарға қалың қар түседі.



Қазақстанның оңтүстігі мен шығысында жел күшейіп, таулы аймақтарда тұман болады. Қазгидромет РМК-ның хабарлауынша, 12-13 желтоқсанда түнде ауа температурасы солтүстік-батыста және орталықта 25-38 градус аяз, солтүстікте 30-38 градус аяз, елдің қиыр солтүстігінде және солтүстік-батысында 40-44 градус аяз, республиканың шығысында 20-38 градус аяз, 14 желтоқсанда 32-38, жекелеген аудандарда 40-42 градус аязға дейін, оңтүстікте және оңтүстік-шығыста ауа температурасы 25-30-ға дейін, таулы аудандарда 33-38 градусқа дейін төмендейді.

14 желтоқсаннан бастап арктикалық антициклон солтүстік-шығыс бағытта ығыса бастайды. Одан 14 желтоқсаннан кейін ауа температурасы салыстырмалы түрде жылынып, түнгі уақытта аяз төмендейді. Батыста 5-16 градус, солтүстік-батыста 15-35 градус, солтүстікте 25-38 градуска дейін аяз болады.

Жолақы төлеу жеңілдейді

Көлік министрлігінің хабарлауынша, қоғамдық көлікте жолақысын төлеудің электрондық жүйесі еліміздің барлық өңірінде енгізілді. Аталған жүйелердің жұмысын 14 оператор қамтамасыз етеді. Соңғы 3 жылда республика бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 34 пайыздан 79 пайызға дейін ұлғайған.

Министрліктің мәліметінше, жолақысын электронды түрде төлеудің арқасында қоғамдық көлік жұмысының тиімділігі артады. Қанша жолаушы жүргені туралы нақты статистика болады. Сондай-ақ тасымалдаушылардың жосықсыз әрекеттері азайып, көлеңкелі экономикадан ақшалай қаражатты шығаруға ықпал етеді.

Тағы бір оңтайлысы NFC технологиясын қолдайтын банк карталары, банктердің мобилді қосымшалары, SMS-код жіберу, QR-кодты сканерлеу, сондай-ақ көлік карталары арқылы қолма-қол ақшасыз жол ақысын төлеу мүмкіндігі болды.

«ЖЖ» ақпарат

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»
Ахмет Байтұрсынұв



Қадірлі оқырман!

Мерзімді басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу басталды. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзеңіз.



Қайғылы күндер артта қалсын

2008 жылдан бері «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнында 100-ден астам отандасымыз опат болды. Қайғылы жағдай биыл да қайталанып, 40-тан астам кенші көз жұмған. Президент бұған қатысты нақты шешімдер қабылдауды және кәсіпорын башылығымен арадағы инвестициялық ынтымақтастықты тоқтатуды тапсырған. Сол уақыттан бері атқарылған жұмыстар нәтижесінде кәсіпорын ел меншігіне өтіп, жаңа инвестордың иелігіне берілді.

«ArcelorMittal» компаниясы Қазақстан үкіметінен 3,5 млрд доллар сұраған. Алайда мәселе 286 млн доллармен шешімін тапты. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың айтуынша, былтыр 9 желтоқсанда Үкімет пен «ArcelorMittal» арасында «Standstill Agreement» келісіміне қол қойылған, қарсы тараптың 3,5 млрд доллар сұрауы келіссөздің ұзаққа созылуына әсер еткен.

Министрдің сөзіне сүйенсек, мемлекет іске асыруға мемлекеттік бюджеттен соқыр тиын да қаралмаған. Жаңа инвестор компания алдында 4 жыл ішінде 250 млн доллар қысқамерзімді қарызды және 450 млн доллар ұзақмерзімді қарызды өтеу бойынша міндеттемелерді өз мойнына алған. ArcelorMittal Қазақстан Үкіметіне ешқандай талап қоймайды. Керісінше келіссөздер нәтижесінде компания «Қазақстан халқына» қайырымдылық қорына 16 млрд теңгеге жарна жасайды.

Айта кетейік, Лакшми Миттал «Қарағанды металлургия зауытын» 1995 жылы 200 млн доллардан астам қаражатқа сатып алған. Оны инвестор 5 жылда алған пайда есебінен жапқан. Ресми ақпараттарға сүйенсек, 1996 жылы «қарметтің» жағдайы жақсы болмаған, яғни 50 млн доллар шамасында шұғыл қажеттіліктер берешегі мен 11 млн доллар көлемінде жапақы қарызы болған. Кәсіпкер бұл берешекті де бөліп төлеген.

Компанияның аудиттелген соңғы есебі 2021 жылы жарияланған еді.

Онда кәсіпорынның жалпы кірісі 215 млрд, 2 жыл бұрын компанияның активі 1 трлн, мөңшік капиталы 570,5 млрд, міндеттемесі 424 млрд теңгеге бағаланғаны айтылған.

Бұған дейін компанияға салынуы тиіс 305 млрд теңге көлеміндегі инвестиция қаралмаған. 2021 жылы қол қойылған 3 млрд доллардан асатын қаржыға модернизация жасау мәмілесі де толық орындалмаған, башылық тек 1 млрд доллар тұратын жобаны ұсынумен шектелген «Костен-кодағы» апаттан кейін Президенттің өзі «АрселорМиттал Теміртауды» ел тарихындағы ең нашар компания» деп атады.

Енді комбинаттың жаңа қожайыны – Андрей Лаврентьев. Меміле шарты бойынша QSG AMT активін 286 млн долларға сатып алған, мұнан бөлек 450 млн доллар кепілдендірілген кейінге қалдырылған берешектерді өтейді. Тағы 250 млн доллар АМТ-ның өтелмеген топшілік қарызын төлеу ретінде меміле жабылған кезде төленеді. Инвестор 3 млрд долларға инвестиция құю міндетін алған. Оның 1,3 млрд доллары келер жылы салынуы тиіс.

Еңбек жағдайында қаншама отандасымыз опат болған мәселеге осылайша нүкте қойылды. Жаңа инвестор өткеннен сабақ алып, алдағы уақытта мұндай жағдайларға жол бермейді деп сенеміз.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Фотоколлаж авторы Ақнұр АЛТЫНБЕК

Еңбек адамы

25 жыл бір бағытта жолаушы тасымалдаған

Ауданда саналы ғұмырын қоғам қажеттілігіне арнап, халық үшін жұмыс істеп жүрген азаматтар аз емес. Соның бірі халықты ширек ғасыр бойы бір нүктеден екінші нүктеге дейін аман-есен жеткізіп, жолаушылардың алғысына бөленіп жүрген автобус жүргізушісі Әділхан Жалғасбаевтың еңбегі жайында ауыз толтырып айтуға болады.

Жандос ЖАЗКЕН

Әділхан ағамыз кент орталығындағы «Қаракөз» дүкенінің алдына автобуспен аялдап, кезекті сапарына дайындалуда. Аққырлық жолаушылар да аялдамаға келіп жатыр. Мен де сол сәтті дереу пайдаланып, еңбек адамынан сұхбат алуды жөн көрдім. Журналисті байқаған ауыл тұрғындары да аптасына 5-6 рет қатынайтын Әдекеңнің еңбегіне риза екенін жарыса айтып, мақтай жөнелді.

– Әділхан – өз ісіне мығым, жауапкершілігі мол азамат. Ол жайлы «ауылдасымды далада қалдырды немесе деректік көрсетті» деген теріс пікір естімедім. Біз үшін ауылдасымыздай болып кетті. Жол ақысы қолжетімді,



500 теңгеге діттеген жерімізге жетеміз. Жасыратыны жоқ, кейде теңге де алып кетіп жатады, – дейді ауыл тұрғыны Меруерт Балтабаева.

Биыл Әдекеңнің кент пен Аққыр арасына көпір болғанына 25 жыл толыпты. Негізгі аудан орталығынан Аққырға дейін жол 80 шақырымды құ-

райды. Кейіпкеріміз бұрын «Апыр-ай, осы тұстан қайтіп өтер екенім» дейтін жолдар кездескенін де жасырмайды.

Иә, Аққырға жету немесе шығу тұрғындар үшін ең қиын шаруа еді. Автобус рәліне отырып, жолаушыларды тасымалдау ол кезде екінші бірінші қолынан келе бермейтін-ді. Ол заманда техника да ескі болатын. Әдекең жол бойында көліктің кейбір бөлшектері тарс өтіп сынып кеткен жағдайларды талай басынан өткерген. Сондықтан болар, ол автобус салонына қосалқы бөлшектерді салып жүруді әдетке айналдырған. Егер көлік бұзылған жағдайда халықты автобустан түсіріп, өзі жөндейтін көрінеді.

Жастайынан көлік тізгіндеген Әдекең бүгінде зейнет жасына таяған. Тарих парақтарында қатталып қалған жылдарда қоғам дамуына ерен еңбек сіңірген жүргізуші әлі тын. «Құдай бойыма көлік айдауға күш қуат берсе, бұл ісімен қол үзім көлмейді» дейді. Өміріне өкпесі жоғын алға тартқан Әділхан Жалғасбаев – бүгінде 3 баланың әкесі, 6 немеренің атасы.

Қазіргі таңда кейіпкеріміз жолаушылар тасымалында жұмыс істеп келе жатқан аудандағы бірден-бір мекеме «Маржан және К» ЖШС-ға автобус жүргізушісі ретінде тіркелген. Сол мекеме арқылы ол мемлекеттен берілетін қолдауларға, яғни субсидияларға оңай қол жеткізіп отыр. Мәселен, бүгінде жанармайына жергілікті билік тарапынан субсидия қарас-

тырылған. Бұл да Әдекеңнің тұрақты қатынауына бірден-бір көмек болып отырғандай.

Мекеме башысы Марат Оспановтың айтуынша, Аққырдан бөлек 13 ауылдық елді мекенге, сондай-ақ облыс орталығына 20 жолаушылар келігі қатынайды. Міне, бұл саланың ауқымын осыдан-ақ байқауға болады.

– Иә, жолаушы тасымалдап, көлік жүргізу оңай жұмыс емес. Себебі автобустың ішіндегі жолаушылардың тағдырына бір ғана жүргізуші жауапты. Әр жолаушының тағдыры, мінезі, көңіл-күйі өртүрлі болады. Діттеген жеріне жеткізгені үшін адамдардың барлығы біреуі алғыс айта бермейді, бірі ұрысады, бірі ренжіді дегендей. Кейде үлкен кісілер көліктен түсіп бара жатқанда алғысын айтып, батасын беріп жатады. Сондай сәттерде қоғамға пайданың тигенін түсініп, іштей марқайып қаламыз. Шыны керек, 25 жылда өзім де Аққыр ауылының тұрғынындай болып кеттім. Қазір техника дамыған, көлік жолдарының сапасы да жақсарған. Халықтың игілігі мен жайлылығы үшін жергілікті билік те жағдай жасап келеді, – дейді автобус жүргізушісі.

Саналы ғұмырының басым бөлігін жол үстінде өткізген Әділхан ағамыз «кейінгі жастар еңбекке құштар болса» деген тілегін айтып, Аққырға жол тартты.

Журналист басқа мамандықта



Басымыз ауырып, балтырымыз сыздағанда дереу жедел-жәрдем қызметкерлерінің көмегіне жүгінетіміз рас. Алайда ақ халат киген абзал жандардың науқастарға алғашқы көмек көрсету барысында жолығатын қиыншылықтар да жоқ емес. Осы ретте газетіміздің «Журналист басқа мамандықта» айдары аясында уақытпен санаспай, әр адамның саулығы үшін арпалысатын аудандық жедел-жәрдем бөлімінің қызметкерлерімен түнгі кезекшілікке шығып, жұмыс барысымен таныстық.

Жедел жәрдем берген күн

Сағат тілі 16:50 көрсетеді. Біз табан тіреген аудандық емханаға қарасты IV жеделділік санаты бойынша жедел медициналық көмек көрсету бөлімінде түнгі ауысым алдындағы қарбалас басталып кетті. Күндізгі кезекшілікті Жазира Кеңесбаеваға баяндап жатқан диспетчер Биканша Төлеутаева таңғы 8.00-ден бері дене қызуы мен қан қысымының жоғары болуына байланысты 12 науқастан қоңырау түскенін айтты. Ал фельдшер Қайрат Аманжолов түнгі кезекшілікке келген Мұратжан Сисенбайға науқастарға жедел алғашқы көмек көрсетілгенін жеткізіп, дәрі-дәрмек салынған қобдиша мен медициналық аппараттарды тапсырды.

— Біздің ауданда IV санат бойынша жедел жәрдем бөлімі бар. Оның I, II, III санаты облыстық медициналық жедел жәрдем бөліміне қараса, IV жеделділік санаты бойынша жедел медициналық көмек бөлімі аудандық емханаға қарайды. Облыстық медициналық жедел жәрдем бөліміне қарасты I, II, III санатында 2 дәрігер, 1 аға фельдшер, 9 шұғыл шақырту мейрбикесі мен 16 фельдшер, 3 келік пен 9 келік жүргізуші бар. Қоңыраудың барлығы облыс арқылы түседі. Олар науқастың сырқат түріне қарай әр бригадаларға бөліп отырады. Жол апаты, 3 жасқа дейінгі балаларға, жағдайы ауыр науқастарға I, II, III санатындағы қызметкерлер барады. Ал IV санаттағы қызметкерлер 3 жастан жоғары

балаларға, созылмалы ауру түрімен ауыратындарға, 12 аптаға дейінгі жүктілігі бар әйелдерге, жеңіл жарақат алған науқастарға алғашқы көмек көрсетеді. Бұл санаттағы жедел медициналық көмек бөлімінде 6 фельдшер, 5 диспетчер, 5 келік жүргізуші, 2 келік күндіз-түні аудан тұрғындарының саулығы үшін қызмет етеді, — дейді бөлімге жауапты бас мейргер Айнаш Талқанбаева.

Уақыт 17:08 болғанда диспетчер қызметінде отырған Жазира Кеңесбаевадан «бір үйдің екі бірдей баласы қатты ауырып, дене қызуы түспей жатыр, шұғыл көмек қажет» деген хабар түсті. Бұл хабарды есті саласымен ақхалаттылармен бірге біз де дереу диспетчер бағыттаған мекен-жайға бет алдық. Барсақ, 3-4 жасар балақайлардың диспетчер айтқандай, дене қызуы өте жоғары екен. Анасының айтуынша, балалардың ауырып жатқанына бірнеше күн болған. Ұй жағдайында ем-шара жүргізіп, уақытылы дәрі-дәрмек бергеннен сырқаттың беті қайтпай, күннен-күнге күшіне мінген көрнеді.

Балалардың дене қызуын өлшеп, өкпесін тыңдаған фельдшер Мұратжан Сисенбай екеуін де дереу ауруханаға апару керектігін жеткізді. Себебі олардың дене қызуы көтеріліп, үлкенінің кіндік тұсы ауыруына байланысты «соқыршек болуы мүмкін» деген диагноз қойылды. Осылайша ата-анасының келісімімен балаларды жедел аудандық ауруханаға же-

ткізіп, жедел жәрдем бөлімінің есігінен енгеніміз сол еді, диспетчер апай Ақсу ауылынан кешкі ауысымнан екінші шақырту түскенін хабарлады.

Айта кетейік, жедел жәрдемнің қызмет көрсету радиусы 15 шақырымға дейін қаралған. Яғни олар кент тұрғындарынан бөлек Ақсу мен Дәуімбай тұрғындарына да алғашқы көмек көрсетеді. Ал қалған ауылдарда арнайы бір фельдшер тұрғындарға қызмет етуде. Алайда жағдайы ауыр науқастарға «жедел жәрдем» жолға шығып, науқастарды аудандық ауруханаға жеткізеді.

Ақсу ауылына жетем дегенше фельдшер Мұратжанды өңімізге тарттық. Оның салада 7 жылдық тәжірибесі бар. Бүгінгі еріптесіміз жауапкершілігі мол мамандықты таңдағанына еш өкпінбейді. Керісінше халықтың алғысын арқапал, батасын алуға асығады. 7 жыл ішінде аудан тұрғындарының мекен-жайын жаттап алған ол қоңырау түскен бойда диттеген жерін адаспай тез тауып барады. Тіпті кей тұрғындар жақын тұсындай болып кеткен Оны жылы шыраймен қарсы алған науқастың туыстарының сөзінен аңғаруға болады.

— Күніне шамамен 24-26 науқастан қоңырау түсетін. Ал соңғы уақытта 32-35-ке дейін көбейді. Оның 10-ға жуығы — 3 жастан 18 жасқа дейінгі балалар. Қазір олардың арасында өзіңіз көргендей, дене қызуының жоғары болуы, тамағы ауырып,

тумаудың қайталап тиюі жиілеп тұр. Қазір балалар өте әлсіз. Бір жылда бірнеше рет тұмаумен қайталап ауырып жатқандар көп, — дейді ол.

Иә, сөзінің жаны бар. Біз барған Ақсу ауылындағы науқас та дене қызуының түспей, ешқандай дәрі-дәрмек әсер етпеген, ата-анасы жиі жедел жәрдем бөлімінің көмегіне жүгінетінін айтты.

15 сағатқа созылған түнгі кезекшілікте фельдшер Мұратжанмен бірге шақырту қоңырау арқылы түрлі сырқат түрімен көмек сұраған 13 науқастың үйіне бардық. Олардың арасында 3 пен 18 жасқа дейінгі 5 баланың дене қызуы жоғары болып, оның 2-еуі жедел аудандық ауруханаға жеткізілді. Ал қалған 8 науқасқа алғашқы көмек көрсетілді.

Таңғы 08:00. Бір күн еріптес болған Мұратжан екеуіміз шұғыл жедел жәрдем бригадасын шақырғандардың медициналық қартастын толтырып, кезекшілікті фельдшер Арыстан Салжанға тапсырдық. Сол ғана үзілісті пайдаланып, түнгі кезекшіліктің қиыншылығы туралы айтып жатқан өңіміміз кенет кілт үзілді. Себебі кезекшілікті қабылдап жатқан диспетчер Динара Сенова аудан тұрғынының бірінен қоңырау түскенін айтты. Осылайша науқастың денсаулығына алаңдаған фельдшер дәрі-дәрмек салынған қобдишаны ала жүріп, диспетчер хабарлаған мекен-жайға асығып кетті.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Бәрекеді!



5 жыл жүре алмаған адамды аяққа тұрғызды

Әлемде түрлі деңгейде мүмкіндігі шектеулі жандардың жалпы саны 1 млрд-қа жуық. Бұл жалпы өмір сүріп жатқан адамдардың 15 пайызын құрайды. Кейбір мүгедек жандар өз денсаулығының шектеулілігіне қарамай дені сау адамдарға үлкен көмек беріп келеді. Соның бірі — көзі көрмесе де көлпеген адамды аяққа тұрғызып, өмірге құлшынысын арттырып жүрген Манарбек Қожахметов.

Кейіпкеріміз мүмкіндігі шектеулі болса да қоғамнан қалыс қалмай, қолынан келгенше халыққа қызмет етіп келеді. Көз жанарынан айырылса да өмірге деген құштарлығын өшірмеген Жарының қолдауымен 7 жылдан астам уақыт бойы массаж жасаумен айналысып келеді. Соның арқасында аудандағы талай жүре алмай қалған науқастарды аяғына тұрғызып, инсульт алған адамдардың да ауруын жазып, халықтың алғысына бөленіп жүр.

— 13 жасымда менингит ауруына шалдықтым. Басыма суық тиіп, көзге жарық келтіретін тамырлар зақымданып, көз жанарымнан айырылдым. Бірақ өмірге деген құлшынысымды жоғалтпай, 2016 жылы Астанада өткен мүгедектер конференциясында массаж оқуына шақырту алып, Қытай Халық Республикасынан келген дәрігерден білім алғаным. Сол жылдан бері Жалағашқа келіп, арнайы клиника ашып, жарыммен бірге осы кәсіптен айналысып жатырмыз. Адамның өзінде ниет болуы керек, шынайы ниет болмаса, онда қандай істе болсын нәтиже шықпаса анық. Мен де өзімді «көзім көрмейді» деп еш нәрседен шектемеймін, — дейді ол.

Иә, расында сол жылдан бері кейіпкеріміз өмірдегі өзінің миссиясын тапқандай. Себебі ем алуға келген көз келген науқас аяғына тік тұрып, алғысын жаудырып кететін көрінеді. Бірде оған 5 жыл бойы қозғалыссыз, жүруге жарамай қалған науқасты алып келеді. 6 ай бойы ем алып, массаж қабылдап емделгеннен кейін аяғына тік тұрып, мүлде ауырмаған адам секілді жүріп кеткен. Ем алушы да «қайтадан өмірге келгендей болдым» деп өліге дейін алғыс айтады екен.

Қазіргі таңда клиникада нүктелік емнен бөлек жары Салтанат апаймен бірігіп жасайтын 10-ға жуық массаж түрі бар. Сол бойынша ем алуға келетін науқастар алдын ала жазылып келетін көрінеді. Кезекте тұратындар арасында тек аудан тұрғындары ғана емес, өзге аудандар мен облыстардан да келетіндер бар екен. Мәселен, біз барған уақытта Қызылорда қаласынан келген ағамыз ем алып жатыр, оның ем алып жүргеніне бүгін екінші күн, десе де ол аз уақытта жақсы өсері барын айтады.

— Инсульт алғаным 3 жыл болды. Жақында Манарбек жайында естіп, көптеген науқасты аяққа тұрғызғанын білдім. Сонымен бірден «ем аламын» деп шештім. Массаж жасатамын дегенше түнде ұйықтауым, жүріс-тұрыс қиын еді. Кешеден бері ұйқым да тыныш, бір жағынан жеңіл жүретін болдым. «Халық айтса, қалып айтпайды» деген рас екен, Манарбек көз келген ауруды аяққа тұрғызатынына көзім жетті, — дейді қызылордалық ағамыз.

Клиниканың ішінде арнайы медициналық аппараттар да бар. Мәселен, бел ауруы бар адамдарға, инсульт алған кісілер мен ДЦП-мен ауыратын кішікейті бүлдіршіндерге арналған белесепет те табылады. Сондай-ақ кейіпкеріміз жақында ғана үкіметтен 1 млн 380 мың теңге қайтарымсыз грант ұтып, арықтауға арналған жаңа аппарат алғанын айтады. Қазір ауданда массаждың бұл түріне сураныс та жоғары екен.

Кейіпкеріміз жан-жақты. Тіпті музыкалық аспаптардың да құлағында ойнайды. Көз жанарынан айырылғанда небәрі 13 жаста болса да, домбыра, гитарада ойнап үйренген. Соның арқасында Аққыр ауылының ансамблінде, тіпті тойларда да өнер көрсеткен. Жарының айтуынша, өзінде дейін аспаптардан қол үзбей, бос уақытында түрлі аспапта ойнау арқылы ми тынықтырады екен.

Расында арман-мақсаттарымыздың бетін қайтарып, өз бағымызды байлап, сананы шектеп жатқан өзіміз ғана. Кейіпкеріміз тек өзінің ғана жағдайын жасап қоймай, халыққа да пайдасы тиетін қызмет түрімен айналысып, заман ағымына сай өзгерістерді қабылдауы қазіргі қоғамда он екі мүшесі сау бола тұра екі қолға бір күрек таппай төнтіреп жүрген жастар үшін үлкен өнеге деп білеміз.

Екеуара диалог та осымен төмам, кейіпкеріміз кезекте тұрған тағы бір науқасқа ем-шара жүргізудің қамына кірісіп кетті. Ал жары оған қолғабыс болуда. Талай науқастың дертіне дауа тапқан кейіпкеріміз алдағы уақытта жұмысын одан әрі жандандырмал.

— Ересектер де келіп жатады, көбіне маған ата-аналар балаларын әкеледі. Солардың барлығына сапалы ем-шара жасағанын болар, мен әзірмеген емес, керісінше кезектегілер мені көп тосатын кездер көп болады. Әрқайсысына белгіленген уақытпен ем жүргізу керек, сондықтан кейде уақыт жоғалтып жатамыз, жасаған жұмысың ертең нәтижелі болмаса, тағы болмайды. Сондықтан мейлінше келушілердің дертінен толық айығуына жұмыс жасаймыз, — дейді ол.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ақмура АЛТЫНБЕК

Мәселе

Қазақстанда қызылшаның эпидемиялық жағдайы әлі де тұрақсыз, жыл басынан бері елімізде 20 188 қызылша жағдайы тіркелген. Оның 81 пайызы — 14 жасқа толмаған балалар, 3,4 пайызы жасөспірімдер арасынан болса, 15,4 пайызы — ересектер. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

Аймақта 1 182 адам дертке шалдыққан

Спикердің сөзінше, бұл дертке шалдыққандар барлық аймақта анықталған. Науқастардың 1 182-сі Қызылорда облысына тиесілі. Басқарма басшысы дертті дендетпеудің тиімді түсі оған қарсы вакцина екенін айтады.

Айта кетейік, ауданда қызылшаның алғашқы диагнозымен 19 жағдай анықталған. Оның 7-еуі зертханалық жолмен нақтыланып отыр. Ауданның бас санитары қызылша індетіне шалдыққандардың басымы бөлігі ауруға қарсы еке алмағандар екенін айтады. Олардың саны жалпы сырқаттанушылықтың 74 пайызын құрайды.

Дерт дендемесін десек...

— Оның ішінде медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты егілмегендер үлесі — 36 пайыз, егілетін жасқа жетпегендер үлесі — 36 пайыз, вакцинациядан бас тартқандар үлесі — 15 пайыз. Сондай-ақ жоспарлы вакцина алуға тиісті мерзімде негізсіз себептермен еке алмай жүргендер көрсеткіші 8 пайызды құрайды. Бұдан бөлек 2 науқастың қызылшаға қарсы иммундық мәртебесі белгісіз екені анықталды, — дейді басқарма басшысы.

Спикер ауырғандардың ішінде еке алған науқастар да барын жоққа шығармайды. Алайда олар қызылшаға қарсы екенінің толық курсы алмаған, тек 1 дозасын алған, яғни ағзада толық иммунитет қалыптаспағандар арасынан ауруды жұқтырып алу деректері орын алып отыр.

Аудандағы ахуал қалай?

Аудан бойынша анықталған қызылшаның басымы бөлігі, яғни 10 жағдай Жалағаш кентінің үлесінде. Ауылдық елді мекендерге келсек, Бұқарбай батыр, Жаңадария, Мөдениет ауылдарынан 2



Қызылша қаулап барады

жағдайдан анықталса, Мақпалкөл Ақсу және Есет батыр ауылдарынан 1 жағдайдан тіркелген.

Қызылша ауруы бойынша эпидемиологиялық ахуалдың тек біздің елде емес, бүкіл әлемде күрделенуінің себебін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус пандемиясы салдарынан халық арасында қызылша ауруына қарсы вакцинациялау барысының өлсіреп, екеден бас тартушылар санының артуымен байланыстырады. Себебі ұжымдық иммунитет бәсеңдеген сайын ауру жұқтырып алу қаупі күшейе түседі. Қауіп тобында — еке алмаған, иммунитеті әлсіз адамдар, — дейді Г.Айымбетова.

Спикердің сөзінше, бүгінде қызылша ауруының эпидемиологиялық ахуалын тұрақтандыру бойынша алдын алу шаралары тұрақты жүргізілуде. ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дерігерінің 2023 жылы 1 қарашадағы №7 Қаулысына сәйкес, елімізде қызылша ауруының сырқаттанушылығының, таралуының алдын алу мақсатында 6 қарашадан бастап 6 айдан 10 ай 29 күнге дейінгі балаларды және 24 қарашадан бастап 2 жастан 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балаларды ауруға қарсы қосымша егу басталған.

Ауданда бүгінге дейін қызылшаға қарсы қосымша жалпы имундаумен 6 айдан 10 ай 29 күнге дейінгі 275, 2 жастан

4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі 2 127 бала екепмен қамтылған. Сонымен қатар 55 жасқа дейінгі 90 медициналық қызметкер де қызылшаға қарсы қосымша жалпы егумен қамтылған.

Қызылша қандай кесеп?

Қызылша—қызылша, интоксикация, дақты-папулалы бөртпе, энантема, конъюнктивит және жоғары тыныс жолдарының зақымдалуымен сипатталатын жедел вирустық инфекциялық ауру. Ол адамға ауа ташыларымен жетелгенде, түшіргенде, сөйлескенде жұғады. Қызылшамен ауыратын адаммен тіпті қысқа уақыт қарым-қатынаста болған жағдайда еке алмаған адамдардың дертті жұқтыру қаупі өте жоғары.

Оп пневмония, бронхит, энцефалит сияқты асқынулармен қауіпті. Медициналық көмекке кеш жүгінгенде және қызылшамен қатар басқа аурулар болған жағдайда бұл асқынулар өлімге әкелуі мүмкін. Катаральды құбылыстармен, яғни қызба, бас ауыруы, өлсіздікпен аурудың алғашқы белгілері пайда болады. Бөртпе пайда болған кезде дерігермен кеңесіп, оның барлық ұсынымдарын орындау керек. Қызылша ауруы бастапқы кезеңде суық тию сияқты көрінуі мүмкін, сондықтан дерігерге уақытылы барған жөн. Жіті рес-

пираторлық аурулардың белгілері бар балаларды мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепке жібермеген абзал.

— Қызылшадан ең тиімді қорғану жолы — уақытылы вакцинация. Ол Ұлттық екептер күнтізбесіне енгізілген, сондықтан екептегі жүргізіледі. Вакцинация үшін қызылшаға қарсы қауіпсіз және тиімді вакцина қызамық пен паротитке қарсы компонентпен қоса қолданылады. Негізінде дертті дендетпеудің тиімді жол вакцина қабылдау болып табылады. Сондықтан халық мамандардың кеңесіне құлақ асса дұрыс. Өздеріңіз көріп отырғандай, уақыт өткен сайын елімізде ахуал күрделеніп келеді. Бұған мамандар ғана емес, қарапайым халық та бейжай қарамауы керек, — дейді басқарма басшысы.

Гүлзираш Айымбетова брифинг соңында БАҚ өкілдерінің «Бұл дерттің өршу себебі не, мамандар кеселдің алдын алуға недей шаралар қабылдауға және оның жемісі бар ма, алдағы уақытта дертті түсу үшін қайтпек керек, дертке шалдыққандарға үй жағдайында ем қабылдауға бола ма?» деген сынды бірқатар сауалын да жауапсыз қалдырмады. Түптеп келгенде маман кеңесінен ахуал күрделенбес үшін еке қабылдаудың маңызы жоғары екенін аңғардық.

Камал Бердәулетов – 100 жыл



Жалағаш жерінен небір текті тұлғалар, даналар, дарындар, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққан. Осындай текті тұлғалардың бірегейі – қар жамылып, от кешкен, жастық шағын оқ тескен, жаумен де айқасқан, ерлерше шайқасқан Ұлы Отан соғысының ардагері, мемлекет және қоғам қайраткері, облыстың білікті басшыларының бірі, ауыл шаруашылығы саласының көрнекті ұйымдастырушысы Камал Бердәулетов.

Болмысы дара Бердәулетов

Ол сонау 1923 жылы Жалағаш ауданына қарасты М.Шаменов ауылы маңындағы «Елтай» мекенінде дүниеге келген. Бірде мән М.Шаменов шаруашылығын басқарып тұрған жылдары Камал аға арнайы келіп «мені туған жерім, ата қонысым «Елтайға» апар» деді. Елдің ардақтысы келіп тұрғанда мән қалай қызмет жасамайын. Сол күнгі тірлікті жинап тастап, көлігіме отырғызып, «Елтайға» тартып кеттік. Келе жатып жолүсті: – Өмірбекжан-ау, «Елтай» бір кезеңде колхоз болған. Ол сол ауылдың елге танымал қайраткері Елтай Ернарзатовтың атымен аталған. Осы «Елтай» колхозын кейін «Коммунизмге» қосқанда ауыл адамдары ұзатылған қыздай ботадай боздап, жылап-сықтағаны есімде, – деп қойды.

Откен шақтан сыр шерткен Камал ағаның мұнысын «мені «Елтай» жайлы білсін дегені болар» деп топшылады. Жасыратыны жоқ, осы жылы «Елтайдағы» күрішіміз өте бітік болып өсті. Дикандарға барлық жағдайды жасауға тырысып бақтым. Өйткені әкем Мәрілі «Еңбекшілердің жағдайын жасап отырсаң, ертең ұялмай одан елдің өнімін сұрайсың. Жағдайы жасалған адам еш уақытта сені ұятқа қалдырмайды, балам» деп үнемі айтып отыратын.

Сол өкемнің тәжірибесі бойынша жұмыс жасадым. Табыстарын да жасаған жұмыстарына қарай төледім. Шыны айтқанда, соның арқасында елге шығымды жаман болған жоқ. Қосын басында механизаторлар мен егіншілер, сушылар жатып жұмыс істейді. Өте жинақы соғылған дала қосыны мен алқапты жайқалып тұрған күршіті көрген Камал ағамыз балаша қуанды.

– Ой, жарайсың, жиен жан! Өзің өкпе Мәріліге тартқан еңбеккер өкпенің ғой. Мекен де сонау өткен ғасырдағы 50 жылдың аяғы, 1960 жылдардың басында анау «Бостайда» дәл осындай дала қосынын жайнатып жасап еді, – деп ризашылықпен арқамнан қақты.

«Кезінде Мекен де бірінші еңбеккерлердің жағдайын жасайтын еді, сен де өкпе ұқсап, барлық жағдайды жасапсың. Мына дала қосынында алпақ ақтөсек, үш мезгіл ыстық тегін тамақпен қамтасыз етуің өрлік қой, Өмірбекжан-ау! Көптеген шаруашылықтар егемендігімізді алғаннан кейін әрі-сәрі күй кешіп жүрді. Қанда мынауың көрмет екен. Анау волейбол, шахмат, телевизор, монша дегеннің бәрі тұр ғой. Ой, азаматтың, жарайсың» деп айтқаны, иығыма шалпап жауып, маған ат мінізгендей болды. Бір көргенге өте қатал көрінетін ағамыздан бұндай жылы сөз өсту мен үшін зор бақыт еді. Өйткені ол кісі шаруаның кезін танитып, жақсы білетін іскер кісі болатын.

1973 жылы облыс басшысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Исатай Әбдікерімов Камал Бердәулетовтың еңбегін жоғары бағалап әрі сенім артып, ол кісіні жаңадан құрылған облыс қой совхоздарын біріктіретін трестің бас директоры етіп тағайындады. Жаңадан құрылған трестің жұмысын тәжірибесінің, іскерлігінің, біліктілігінің арқасында бір жылдың ішінде жолға қояды. 1976 жылы ауыл шаруашылық министрі М.Г.Моторикованы арнайы бұйрығымен Қызылорда облысы бойынша қайта құрылған арнайы мамандандырылған мемлекеттік-кооперативтік бірлестігінің азық дайындау және ірі қараны оңалту бірлестігінің төрағасы болып тағайындалады. Ол жұмысты жыл ішінде жолға қойып, есімі республикаға мәлім бола бастады. Өйткені республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің бір бетіне жаңадан қайта құрылған бірлестіктің тиімді жақтары мен пайдасы туралы көптеген материалдар жарық көрді. Осы еңбегін ауыл шаруашылық министрі Моторико мен облыс басшысы Исатай Әбдікерімов өте жоғары бағалайды.

Камал Бердәулетов осылай республика көлемінде мал шаруашылығының көрнекті білгірі, іскер ұйымдастырушысы атанды. Ал облыс

басшысы Исатай Әбдікерімов ол кісіні әрдайым жиналыстарда «К.Бердәулетовтей іскер бола білу керек» деп айтып, құрметпен қараған екен. Кейін облыстық ауыл шаруашылық басқармасында басшылық қызмет атқарды.

Еткен еңбегінің қайтарымы болар, «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет» орденінің кавалері атанды. Ауыл шаруашылық саласының білгірі, көрнекті ұйымдастырушысы бола білді. 2008 жылы Қызылорда облысының құрметті азаматы атанады. ҚР Журналистер одағының мүшесі, сондай-ақ бірнеше кітаптың авторы болды. Камекең ағамыз ерқақан облыстық «Сыр бойы» газетінің белсенді және тұрақты авторы болды. Өйткені ол кісі әрдайым мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы жөнінде өте қажетті проблемалық материалдарды жиі жазып, шаруашылық саласы мамандарына ой-ұсыныстарын айтып, тәжірибе ретінде жиі бөлісіп отырған. Ағамыз негізінде екі институт бітірген. Тарихшы һәм ауыл шаруашылық маманы. Үнемі ізденіс үстінде жүретін, тынымсыз, қызметіне өте адал адам болатын.

Ол қабырғасы қатпай тұрып, алғаш еңбек жолын шаруашылықта жұмысшылықтан бастаған. Кейін оқыды, жетілді. Ол кісінің өмір жолы, тағдыры, өте күрделі болған. Кезінде оның отбасы қудалау кезеңінде ұшырап, небір қиын да ауыр жағдайды басынан өткергенін жақсы білеміз. Әкесі Әбдірашит Бердәулетұлы алғашқы халық ағартушысы, журналист болған. Ол кісі Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Тереңөзек ауданында оқу бөлімін басқарып, кейін Қармақшы ауданында партия комитетінің хатшысы болды.

1931 жылы Алматыда үш жыл КомВУЗ-да оқыған. Балаң кезінде мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновпен ауыл мектебінде 2 жылдай бірге оқыған. Сөйтіп Әбдірашит Бердәулетұлы жеке басқа табынудың және асыра сілтеудің әсерінен жазықсыз халық жауы атанып, ұсталып кетеді. Осылай мына сұм тағдыр Камекең ағамызды маңдайынан сипай қоймаған.

Егемен ел атанған тұста Камал ағамыздың өкесін ақтап алу жолында кірмеген босағасы, қақпаған есігі қалмады. «Ақтың отын ақымқаш өшіре алмайды» демекші, ақыры өкесін ақтап шығады. Сөйтіп өкесі ақталғаннан кейін ел азаматтарының қолдауымен М.Шаменов ауылында жаңадан салынған мектепке Әбдірашит Бердәулетовтың атын берді. Сол кезеңдегі аудан басшысы Биғали Қаюпов үлкен азаматтық жасап, мектептің атын беруге көп күш салды. Содан кейін облыс орталығы Қызылорда қаласынан бір көше берілді. Сөйтіп есіл ердің аты жаңғырды, есімі өлмес бейнеге айналды.

Камекең ағамыз сонау аласапыран кезеңде өзінің алғырлығымен, өжеттігімен еңбекте қайнап өсті. Сондықтан болар, ол кісінің бойында алдымен ар мен намыс, адалдық пен әділдік, парасат пен пайым жоғары тұрды. Қандай іс етсе де алдымен өлшеп-кесіп, ақыл зеренінен өткізіп алатын қасиеті басым болды. Білік айтты екен деп елп ете қалмай, артын абыройын қалай орындапалатынын пайымдап барып келісімін беретін. Іске келгенде қырандай алғыр, шешімге келгенде ақылға салып кесіп айтқан.

«Қыран қияға қарайды» демекші, Камал ағамыздың жүріп өткен еңбек жолы да осы қыранның самғауындай еді. Қазаққа «ақ тақырға үй тіккен» деген сөз бар. 1964 жылдың көктемінде осындай дымы жоқ «Борықтыбас» деген көлдің табанына «Аққыр» совхозының алғаш қазығын ауылдың ақылман ақсақалдарымен ойласа қағып, сол жерді ірі қой совхозына айналдырды. Жаңаталаптың құрамынан адамдарды бөліп алып, бір совхозды құру жүгі иығына жүктелді. Ол кезде партия тапсырмасы орындалуы тиіс, қазірдей бір айтқанды он айтпай мыңғыламайды. Ол партияның мықтылығы осында. Шаруашылықты қалай

құрғаны жөнінде «Іздегенге резерв көп немесе Аққыр ақиқаты» кітабында небір қиындыққа тап болғаны баяндалып, өзінің күш-жігерімен, біліктілігінің арқасында қалай жеңіп шыққанын боямасыз, бұлттарысыз, шынайы, қоспасыз жазып шығады.

Сонымен айналасы Қарақұм мен Қызылқұмға шектелген, суы тапшы жерден қандай шаруашылық құрылмай? Бірақ совхоз құрылу керек. Ол – партияның шешімі. Оған қарсы тұрар ешкімде дәрмен жоқ. Тапсырма – тың жерлерді игеріп, шаруашылықтар ашу. Соның бірі – Сыр бойынан осы «Аққыр» қой совхозын құру.

Ауылдағы ағайынортасында шаруашылықтың жайын жақсы білетін көпті көрген ақылгөй ауыл ақсақалдарымен, үзінгілес замандастарымен екі-үш күн сайын бас қосып кеңесіп, солардың ойларын тыңдайды. «Келісіп пішкен тән келте болмас» деген тоқтамға келіп, шаруашылықты құруға тиісті комиссия құрамы мен ауылдың білікті ақсақалдары Шаймағанбет, Әбіләкім, Қостанбай, Мырзабайларды жанына алып, ақыры «Аққыр» совхозының іргесін қалауда қазығын өз қолымен қағды.

Осылай тақыр жерге «Аққыр» ұжымшарының іргесін тұрғызуға жөделке берілді. Әрине елсіз тауде үйлер салына бастайды. Алдымен қараша үй тігіліп, оның үстіне жалау қадалып, тіршіліктің тайқазаны қайнай бастайды. Ел басшылары болып есептелетін ақсақалдар Шәйімбет, Мырзабай, Әбіләкім, Зейнулла, Әдіс, Шотан, Есқазы, Шәріп тағы басқалары көшіп келіп, киіз үйі тігіп отыра тұрған. Бас мамандардың бәрін сырттан өзі таңдап алып, арнайы шақырумен алдырып, іскер азаматтардың басын қосады. Осылай кадр мәселесін шешіп алады. Осы толқын ішінде тәжірибелі механизаторлар Балағалы Көрбаев, Ағзам Әбдірашитов жаңа техниканы тізіңдеп, қызылдың қиясына көш бастайды. Шаруашылықтың бас есепшісі Бердібек Түбекбаев өзінің біліктілігімен қаржы жолдарын тез шешіп отырды. Сөйтіп нар жүгін арқаалаған Камал Бердәулетов шаруашылықты аяғынан тұрғызды.

Аяулы анам Ақшоның Мәрілі өкмеді үнемі Мекен дейтін. Бірде менің Ақшоның анамның айтуынша, Мекен шаруашылыққа құрылыс заттарын ауылға бес машинамен облбасға барып, қажетті заттарды қайқайтып тиетіп, өнді шыға бергенде Камал інісі де екі машинамен үстінен түседі. «Көңілдері сыйлас, қыймас болғандықтан, өңек де тоқтап, інісінің сөлемін алады. Бұл да жаңа ауылға құрылыс заттарын алуға барған болса керек. Сөйтсе ол кісіге құрылыс заттары жетпей қалыпты. Сонда біздің Мекен Камал ініме қарап «сен алыстан ат арытып келдің ғой, ауылдың болса да өте шалғайда, енді салынып жатқан ауыл сен мына үш машинадағы құрылыс заттарды осылайымен ал Олар заттарыңды ауылға апарып тастайды. Бірақ анау екі машинаға ана тұрған екі машинадағы заттарды тиетіп аларсың» депті. Содан Камал інісіне қолдау көрсеткен Мекенге дан риза болып, өмірден өткенше сыйласып өтті ғой. Ол кездегі шаруашылық басшыларының көбі соғысқа қатысқандар еді. Жалтынов Далдабай, біздің Мекен болса да, Алдабергелі Бисенов, Ұзақ Еспанов бәрі де бір-бір шаруашылық директоры еді. Камекең де соғысқа қатысқан. Ал ол азаматтардың бір-бірін сыйлауы деген ерекше еді. Өйткені бұл кісілер азапты да, тозақты да көрген жандар ғой. Содан болар, Мекен өкпенің Камалға қолындағысын беріп жүргені. Бәлкі, Камалдың орнында басқа біреу болса да солай істеген болар еді. Бұлардың бәрі де кеңпейілді, «елде болса өкен» деп айтумен кеткен ақпейілді, дархан жандар еді ғой, жарықтықтар» деп Ақшоның анам өз естелігін осылай аяқтаған еді.

Сөйтіп ойлағанға аңыз секілді көрінген бүгінгі «Аққыр» ауылы осылай бой көтереді. Оның әрбір ақ шатырлы

үйдің ірге тасында, әрбір көшесінде, әрбір құмында, әрбір дала алқабында Бердәулетов Камал ағамыздың ізі мен қолтаңбасы қалды деп толық айта аламын. Өйткені ауылға үйлердің жаңа типпен қалай салынуы, үйлердің орналасу сызбасына дейін Камал ағамыздың басшы ретінде қолтаңбасының бары шындық.

Ауыл сол кездегі талапқа сай тұрғызылды. Орталығында сауда, мәдениет, денсаулық, білім ошақтарының ғимараттары орын тепті. 2 жылдың көлемінде елді мекен өңесін биіктетіп, ақшатырлы ауылға айналдырып шығарды. «Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткіземіз» деген шұбартаулықтардың ұранына өздерінің сүбелі үлесін қосса, қолдауға дайын тұрды. Бұл біздің Камал ағамыздың таза еңбегінің көрінісі, шырақ шыны еді.

Әр жылдары ҚР Президенті мен ҚР Премьер-Министрі Сыр өліне сапарлап келгенде Камал Бердәулетов ағамыз елдің мұң-мұқтажын таясмай айтып, су мен мал шаруашылығындағы соны проблемаларды көтеретін. Сондықтан болар, елдің жоғын орынды жеткізе білгендіктен мемлекет және қоғам қайраткері атануы.

Ағамыз Ұлы Отан соғысының 60 жылдығы қарсаңында Қазақстан Президентінің арнайы шақыруымен оның қабылдауында болды. Сол кезеңде де Сыр өңірінде шаруашылықтары жайлы біршама мәселе айта білген. Елеу Көшербаевтан кейін облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы қатарынан 3 рет сайланып, 12 жыл басқарған адам, республикалық дәрежедегі зейнеткер болатын.

«Адамның бағасын ел береді» деген рас. Камал Бердәулетов зейнетке шыққаннан кейін облыс басшылығының ұсынысымен облыстық ардагерлер кеңесін басқаруды қолға алды. Ардагерлер кеңесінің жұмысын қалпына келтіріп, жандандыра түсті. Содан болар, қатарынан үш рет кеңес төрағасы болып сайланды. Әсіресе қарапайым еңбек ардагерлерін жыл сайын ем алу, демалу орындарына жіберуді басты назарында ұстады. Өйткені ол кісі алалауды жаңы жек көретін. Өмірінің соңына дейін сол адалдықтан аттамады, айнамады. Сонысымен ол ел-халқына барынша жақын, қадірлі болды. Адамгершілік, әділдік, адалдық, тазалық, азаматтық деген ұғымның бәрі осы Камал Бердәулетовтың бойынан табылатын. Сол қасиеттерді кір шалдырмай қастерлеп өткен тау тұлға еді. Өмірінің соңына дейін қаламы қолынан түспей, өзекті проблемаларды газет бетіне жазып кетті.

Мен жуырда іс-сапармен ауылға, ауданға бардым. Сол басқосуда биыл Камал ағамыз 100-ге келетіні жайлы өңгіме болды.

– Өмірбек-ау, сен білікті танысың ғой. Мына Аққыр ауылын өзі жалап қолымен тұрғызғанын өте жақсы білесің. Енді осы ауылды «Камал Бердәулетов атындағы ауыл» деп аталса деген ұсынысымызды ауданның, ауылдың игі-жақсылары.

Жалағашта Қарқеткен ауылдық округіне қарасты Жалтынов Далдабай ауылы, Мәрілі Шаменов ауылдық округіне қарасты Мәрілі Шаменов ауылы, Аламесек ауыл округіне қарасты Есет батыр ауылдары бар. Аққыр ауылын ауылдың игі жақсыларымен бірге құрған, енді осы ауылды Аққыр ауылдық округіне қарасты «Камал Бердәулетов атындағы ауыл» деп аталса деген ұсынысымызды ауданның, ауылдың игі-жақсылары қолдайды деп білемін. Шынында Камал Бердәулетовтың атына өзі қолымен құрған ыстық-суығын басынан өткерген тұлғаға берілсе, артық болмас еді. Бұл сіз бен біздің есіл ағаға деген құрметіміз болар еді.

Өмірбек ШӘМӨНОВ, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары

Аппарат

Қауіпсіздік қаперде болсын

Аудан әкімінің төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автоделізі мен облыстық, аудандық маңызы бар жолдарда жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қаралды. Жиында аудан әкімі Ардақ Ибраимов кент және ауылдық округ әкімдеріне пада ұйымдастыруды қолға алу қажеттігін қатаң ескертті.



Мұнан белек Ардақ Әбдіғарұлы аудандық ветеринариялық станциясына тұрғындардың иелігіндегі малдардың сырғаларын алып тастау, есептен шығару фактілерін болдырмау бағытында жеке тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылымдарындағы жануарларды тіркеу, бірдейлендіру, сырғалау және таңба басу жұмыстары туралы күнделікті ақпарат ұсынып отыруды тапсырды. Сондай-ақ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автоделізі бойынша аудан аумағында орналасқан кәсіпкерлік нысандардың тұрағы түрде қызмет сапасы мен тазалығын бақылауда ұстау керектігін айтты.

Мәжіліс отырысында қосымша мемлекет тарапынан қолдау тапқан жобаларды сәтті аяқтау, қатты отын жетіспеушілігін болдырмау және коммуналдық қызмет сапасын арттыру бағытында тиісті тапсырмалар да берілді.

Аудан жаңалықтары

Атқарылған жұмыстар пысықталды

Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтің төрағалығымен Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы ақсақалдар кеңесінің төртінші отырысы өтті. Кеңейтілген отырысқа аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев пен кеңес мүшелері қатысты.



Кеңес отырысында екі мәселе қаралды. Алдымен аудандағы ана мен бала денсаулығы күн тәртібіндегі мәселелерге арқау болса, келесі кезекте ауданда жүргізіліп жатқан әлеуметтік бағдарламалар бойынша атқарылған жұмыстар талқыланды. Бірінші мәселе бойынша аудандық ауруханасының бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтов баяндама жасады.

– Медициналық қызметтің нәтижесін демографиялық көрсеткіштер арқылы бағалауға болады. 2023 жылы 9 айда аудан бойынша 533 бала дүниеге келіп, туу көрсеткіші 16,5 промилльді құрады. Сөбі өлімі 2023 жылы 9 айда 4 жағдай тіркеліп, 7,5 промилльге құрады, өткен жылдың есептік кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 2,4 промилльге жоғарылаған. Айта көтерлігі, ауданда соңғы 15 жылда ана өлімі тіркелмеген, – деді Еркебұлан Мақсұтов.

Кеңес отырысында ақсақалдар кеңесінің құрамы аудан тұрғындарының денсаулық сақтау саласына қатысты бірқатар кереғар пікір айтатынын тілге тиек етті. Осы ретте аурухананың бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтовқа бірнеше өзекті сауал қойылды.

Екінші мәселе төңірегінде аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Белембаев әлеуметтік бағдарламалар бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– 2023 жылдың 1 желтоқсанына атаулы әлеуметтік көмек 242 отбасының 1424 мүшесіне 80,8 млн теңге және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі әр балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 200 отбасының 374 баласына 12,5 млн теңге тағайындалып, 86,8 млн теңге төленді. 2023 жылдың 1 желтоқсанына атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан 63 отбасының 384 мүшесіне бас тартылды. Оның ішінде өз өтініші бойынша тоқтатылғандар 14, кедейлік шегінің мөлшерінен 40 отбасының табысы асып кеткен, 5 отбасы табысын жасырған, 4 отбасы комиссия шешімімен тоқтатылған, себебі 1-еуі ата-анасымен бірге тұратыны, 1-еуі 2 ірі қара малын жасырған, 2-еуі өтініште көрсетілген мекен-жайда тұрмайтыны анықталған, – деді Қанат Белембаев.

Жиын соңында кеңес мүшелерінің алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға қатысты ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

«ЖЖ» ақпарат

Өнер ұжымының өресі биік

Театр – өмірлік мәселелерді шешудің жоғары сатысы. Мәдениет пен руханият өлемін театрсыз елестету мүмкін емес. Қазіргі таңда театр көрермендерінің де саны артуда. Бұл салада біздің аудан да жұтаң емес. Соның бір дәлелі Қ.Қазантаев атындағы Жалағаш аудандық мәдениет үйі жанындағы «Халық» театры көрерменнің ыстық ықыласына бөленуде.



Бұл өнер ордасының тарихы тереңде жатыр. 1971 жылы драма үйірмесі ретінде ашылып, қазіргі таңда тұрақты көрермені бар көптеген қойылымдардың авторына айналды. Театр десе, ойға ең әуелі мағынасы терең сұлу сөздер мен әдемі әсер орнай қалатыны рас. Алайда сіз бен біз ойлағандай, театрдың іші-сырты түгел осындай таңғажайып сырға толы тамаша, ал әртістердің бәрінде кәсіби білім бар ма? Әрине жоқ!

– Қойылым арқылы адамның жүрегінде сақтаулы мұңды, қуанышты көрсете аламыз. Театр, ондағы әртістер өз шеберлігі арқылы қоғамдағы болып жатқан мәселені жүрекке жеткізеді. Әрине көрерменге жеткізу кез келгенің қолынан келмейді, әр адамның қабілетіне байланысты. Бірақ біздің театрда кәсіби актерлік білімі бар әртістер жоқ, әртүрлі саланың адамдары. Сол үшін кейде жұмыста жүргенде режиссер ретінде қойылымды көз алдымызға елестетіп, кейіпкерлердің мінездеріне, табиғатына сәйкес келеді деген қызметкерлерге сахнаға шығуға ұсыныс жасаймыз. Мәселен, біздің құрамда еден жуушыдан бастап, тоқ жөндеуші кісілер де, әртүрлі үйірмеден сабақ беретін ұстаздар мен музыкалық аспаптарда ойнайтындар да басты рөлді сомдай береді, – дейді театрдың қоюшы режиссері Әсет Шіңдебаев.

Расында кәсіби білім болмай-ақ көрерменнің жүрегіне жол табу үшін ең алдымен қандай да бір қабілет керек анық. Мәселен «Ғашықсыз ғасыр» драмасында ең жағымсыз рөлді ойнаған Айгерім Садықова актерлік білім алмаған, сахнадағы образы да табиғатына мүлдем сәйкес келмейді. Алайда рөлін барынша жоғары деңгейде алып шыққаны сонша, қойылым біткеннен кейін көрермендердің бәріне ұнамсыз кейіпте қалып кетті. Ал актер үшін – бұл үлкен мәртебе, өзінің рөлін ойдағыдай алып шықты деген сөз.

6 желтоқсанда осы қойылыммен Ергали Оразымбетовтың 80 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық байқауда театр ұжымы бас жүлде иеленіп, 100 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды. Жалпы қойылым барысында актерлар өмірде кей отбасыларда болып жүрген оқиғаны бейнелеп, әйел адамның қиын жағдайына рөлін көрсетті. Көрерменнің көзіне жас ұялатып, ыстық ықыласына бөленді.

– Бұл байқауға қатыспас бұрын «Ғашықсыз ғасыр» қойылымына ұзақ уақыт дайындалдық. Тіпті байқау алдында өкі ауылға іс-сапармен барып, өзімізді шындығы үшін осы қойылымды қойдық. Кей жеріндегі кеткен қателіктерімізді де түзетіп, содан кейін жарысқа ұсындық. Нәтижесінде көрерменге ұнады. Қойылым барысында актерлардан бөлек сахна сыртындағы адамдардың да еңбегі зор. Бәрінің бірігіп, бірін бірі қолдауының арқасында осындай нәтиже көрсетті. Жалпы театрда ойнау – ұжыммен бір толқында болу. Мұнда түрлі рөлдерді сомдауға тура келеді. Түрлі образға еніп, өзіңді ғана емес, басқалардың өмірін іштей сезінгендей күй кешесің. Сахнадағы кейіпкерлеріңнің бірінен жеріп, бірінен үлгі аласың. Ең қызығы, осы сезімдерді өзің ғана бастан кешіп қоймай, көрерменге тұшындыра алуың керек. Рөлге кіру, кейіпкерді дәл бере алу оңай шаруа емес. Үлкен дайындықты, маңдай тер мен уақытты талап етеді, – дейді басты рөлдегі кейіпкер Айгерім Садықова.

Театр одан бөлек драма, комедия, мелодрама, трагедия жанрларында да түрлі қойылымдар қойып, халыққа ұсынып, тіпті түрлі жүлделерге де ие болып жүр. Мәселен, Қ.Мұхамеджановтың «Белтірік бөрік астында» комедиясын облыстық байқауда сахналаса, «Ең үздік режиссер-қоюшы» және «Ең үздік суретші-декоратор» номинацияларына, «Абай өлемі» атты халық театр-ларының облыстық онлайн байқауында Иран Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?» спектаклін сахналаса, І орынды жеңіп алды. Айта берсек, мұнан бөлек актерлардың да жетістіктері көп.

Күнделікті күйбең тіршіліктен бір сәт бой жазып, рухани байлыққа көңелу үшін аудан тұрғындарына арнап қойылымдардың тұрақты түрде өтуіне де ұсыныс білдірдік. Себебі ұзақ жылдан бері көрермен көзімізге айнап отырған халықтық театрдың, енді ғана етек жиып, бой түзеп келе жатқан жастарға берер тәлім-тәрбиесі мол.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Камал Бердәулетов – 100 жыл

Ер еңбегін елі еске алды

Өткен сенбіде қоғам қайраткері, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерінің иегері, соғыс және еңбек ардагері, Қызылорда облысының және Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Камал Бердәулетовтің 100 жылдығына арналған шара өтті. Шарада аудан әкімі Ардақ Ибраимов, облыстық және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары, мәслихат депутаттары, ардагерлер мен жауапты басшылар қатысып, Камал Әбдірәшитұлының жүріп өткен жолы дәуір тарихы екенін тілге тиек етті.



– 1923 жылы дүниеге келген Камал Әбдірәшитұлы бұғанасы қатпай жатып еңбекке араласты. Қазан төңкерісінен кейінгі аласапыран, азамат соғысы, бай-болысты құдалау, көмекке, ашаршылық сияқты зұлматтар жасөспірімді тым ерте есейтті. Республика көлемінде жоғары қызметтерде болған әкесі Әбдірәшиттің 1937 жылдары қуғын-сүргінге ұшырауы да жас баланың өмірге көзқарасын қалыптастырып, қайта түсті. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда он сегізге толған балаң жігіт 1942 жылы қолына қару алып, майданға аттанды. Майданнан аман-есен елге оралып, соғыстан өбден титықтаған халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстарының бел ортасында жүрді. Аудандық партия комитеті майданнан оралған жас жігітті колхоз төрағасы қызметіне жерберді. Бұл қызметті абыроймен атқарған Камал Әбдірәшитұлы кейін Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясының бастығы, Жалағаш, Қармақшы аудандарында атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қармақшы өндірістік басқарма бастығының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. 1963 жылы Жалағаш ауданында жаңадан құрылған қой өсіретін Аққыр совхозының директоры қызметіне тағайындалды, – деді аудан басшысы.

Аққыр ауылының негізін қалануы Камал Әбдірәшитұлының ауыл шаруашылығы саласындағы қызметінің, табыстары мен жетістіктерінің шыңы десек, қателеспейміз. Ол сол кездегі Аққыр совхозының негізін қалаушы ретінде тарихта қалды. Қай кезде де нөлден басталған жұмыстың қиындығы мен ауырталығы мол болатыны белгілі. Қызылдың қиясына Аққыр совхозының алғашқы қазығын қағып, шаруашылықты республикаға белгілі етуі Камал Әбдірәшитұлының еңбектегі ерен ерлігі іспеттес. Камал әкеміздің қаламынан туған «Іздегенге резерв көп немесе «Аққыр» ақиқаты», «Бұқарбай батыр», «Ата жұрт», «Ұрпағыма ұлағат» атты кітаптары жалпы оқырманның сүйіп оқитын дүниесіне айналды.

Бәрекелді!



Бүйрек ауыстыру отасы жасалды

Сыр медицинасында тарихи сәт, аймақта араға 9 жыл салып бүйрек ауыстыру отасы жасалды. Көпбейінді облыстық ауруханасында 25 жастағы еңбекке қабілетті азаматқа жасалған бүйрек трансплантациясы отасы сәтті аяқталды. Донор – науқастың ағайыны.

Үш жыл бойы жасанды бүйрек аппаратына тәуелді болып жүрген науқас үшін бұл көптен күткен қуанышты оқиға болды. Енді ем алушы азамат бұрынғы толыққанды өміріне оралды десек те болады, яғни диализ орталығынан тәуелсіздікті, уақыт пен тамақтануға байланысты шектеулерден босап, жұмыс істеуге, еркін саяхаттауға және белсенді өмір салтын ұстануға мүмкіндік алды.

Осы ретте трансплантацияның Қызылордада жасалуына қолдау білдіріп, арнайы келген А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты дәрігер, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Болатбек Баймаханов пен жетекшілік ететін трансплантологтар командасына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Көпбейінді облыстық аурухананың дәрігерлері де отаға қатысып, тежірібесіне бүйрек ауыстыру отасы алдағы жылдары да жалғасады.

«ЖЖ» ақпарат

Ойтамыздық

Әкеден баланың ойы неге өзге?

Хакім Абай атамның «көп әке баласының жас кезінде басынан құс ұшырмай пәрмене болып жүріп, есейгенде суық тартатыны қалай?» деген мазмұндағы сөзі бар. Рас, мұнысы несі екен? Біз айтып отырған әке мен бала ортасындағы диалогтың көбі былай болады:

- Сен бардың ба әлгі жерге?
- Иә, бардым,
- Не қылып жатыр екен?
- Не қылушы еді, жатыр баяғы.
- Жоқ енді айтсайшы, не істеп жатыр екен?
- Айтатын несі бар, жүр де ел қатарлы.
- Им ім ім...

Болды. Осыдан ұзамайды. Бір-бірінің көкірегіне ендімей кері тегіп тұрған бір нәрсе бар. Екеуі де жеңе алмайды. Махаббатқа салып әке бұзғысы келеді, ақылға салып бала бұзғысы келеді, бұза алмайды. Аса бір тәуекелмен әлгі пердені біреуі бұза да, көкірек кеңістігінде екеуінің жолдары қиыспай, бір-бірінің кеудесінен тұрақ таба алмай, қашып шығады. Неге?

Ақылман Абайға қайта соғалықшы. Ол кісі балаларымен өте етене болған. Әсіресе Әбдірахманының іші сыр-сипатын ішек қырындысына дейін біліп, танданып, риза болады. Асырып сөз айтпайтын Абайдың бір мақтанғаны осы Әбдірахманы шығар. Орталарында таусылып бермейтін сырлар жатыпты. Кейде әңгімелері күннің батысы, таңның атысына қарамай жалғасады екен. Ал Мағашымен арадағы сүйіспеншілігі тіпті ерекше. Мағаш бір жақса шықса «әкем сағынып қалады» деп үш күннен асырмай қайтып оралады екен. Шынымен Мағаш үш күннен кешіксе, жарықтық Абай: – Мені Мағаш бұлай зарқытпауы керек еді, – деп аттылы жолашушының бәрін үміттеніп, төбе басынан түспей отырып алады дейді.

Бұл баласымен де күндіз-түні әңгімелері бітпейді екен. Мұның сыры неде? Алдымен мынаған тоқталайық. Біз сөз етіп отырған келенсіз жағдайдың түпкі себебі не? Неге «әкеден бала ойы өзге» болады?

Бұл «заманы басқаның» кесірінен екен. Әкенің жүрген жолымен баланың жүрген жолының екі басқа болғандығынан екен. Әке көрген салт балаға келгенде басқаша болып өзгеріп кеткендінен екен. Әкенің кезіндегі құндылықтар баланың дәуіріне келгенде түкке жармай, құндылығынан айырылып қалатындығынан екен. Оны қорғаштаған



әке ескілікті жоқтаушысы, жаратпаған бала жаңалықтың жақтаушысы болып жолдары екі айырыла қалады екен. Тіпті екеуіне де ортақ бір дестүр уақытқа байланысты өзгешеленіп кететіндігінен екен. Енді екеуінің ойы қалай түйсісін? Пікірлері қалай бір жерден шығып, әрекеттері қайдан ұқсасын?

Жә, сонда Абай заманы мен Мағаштың уақытында бұндай өзгерістер болмады ма? Өзінен-өзі сұрақ туады. Әрі өте орынды сұрақ. Әрине болды. Оны алдымен Абайдың өзі айтты. Айтқанда да біз құсап бұраландатпай, тайға басқан таңбадай бадырайтып тұрап, ақиқатымен айтты. «Алла өзгермес, адамдар күнде өзгерер немесе бір Алладан басқаның бәрі өзгерме» деді. Сөйтті де мәңгі өзгермес Құранға жүгінді. Ал Құранда адамшылықтың уақытқа тәуелсіз ортақ өлшемі бекітілген. Абай соны іздеді. Тапты да. Сөйтсе Құнанбайға парыз етілген намаз, бір үтірі өзгерместен Абайға да міндет етіліпті. Абайға парыз болған ораза Әбдірахман мен Мағашқа да айнымаған қалпында жүктеліпті. Енді «заманы басқа» болса да Құнанбай мен Абайдың, Абай мен Әбдірахманның ойлары бір нүктеде тоғысып, өздері бір әрекетті қайталамағанда қайтпек?! Соған орай олардың қайғы-мұңы да, арман-мұраты, қуаныш-жұбанышы да ортақ болмай қайтсын? Қуаныштары да солай. Енді олардың бірінші істегенісі

біріне түсінікті болады. Әке өзі қылып жүрген ісін баласына тілейді. Бір-біріне деген махаббаты жүректерінің терең түпкірінен тамыр тартады. Бір-біріне рухани сүйеу болады.

Бұл – бір ғана Абай емес, мұсылманшылықтың мағынасын шын түсініп, беріп ұстанған әрбір қазақтың басында болған жай. Әрі бұл махаббат ана мен баланың, аға мен інінің, өлке мен қарындастың бәріне ортақ. Біз түсінікке жеңіл болмағы үшін Абай мен балаларын алға тартып айттық. Ғасырға жуық уақыт шайқалып барып қайтадан өркен жая бастаған мұсылманшылықтың арқасында мұндай бақыттың дәмін татып үлгерген қазақ шаңырағы аса емес.

Бағанағы әке мен баланың жағдайы енді түсінікті болды. Әрқайсысының өмір жайлы түсініктері өз тұсындағы өзгермелі қағидаларға байланыпты. Енді бір-біріне қанша махаббат қылмаққа талпынса да, олардың арасында екеуі бірдей табан тіреп тұра алатын, екеуіне де ортақ нүкте жоқ екен. Сосын әр қайсысы өз нүктесін орбита етіп айналып, бөлек-бөлек шеңбер қалыптастырады. Сөйтіп бір-біріне өмірбақи қауыша алмайды. Махаббатқа қанша шөлдесе де екеуі бірдей сусындыр ортақ суатты таппай сандалады екен. Бірінің суаты біріне тағы жармайды.

Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
 Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
 «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
 Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына тамыр жибере аламыз.